

Қорғалжын ауылының мектеп-гимназиясы
Әлеуметтік педагогтың
2021-2022 оқу жылдың атқарған жұмысының есебі

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, мектепте жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару.

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты:

№	Отбасылар категориясы, балалар саны	Жалпы оқушылар
1.	Мектепте оқитын оқушылар саны	592
	1-4 кластар	292
	5-9 кластар	261
	10-11 кластар	39
2.	Көпбалалы отбасы мен оқушылар саны	161, отбасы саны 80
	1-4 кластар	95
	5-9 кластар	92
	10-11 кластар	6
3.	Аз қамтылған отбасы мен оқушылар саны	22, отбасы саны 11
	1-4 кластар	15
	5-9 кластар	7
	10-11 кластар	0
4.	Асыраушысынан айырылған оқушылар саны	18
	1-4 кластар	7
	5-9 кластар	11
	10-11 кластар	1
5.	Мүгедек оқушылар саны	-
	1-4 кластар	-
	5-9 кластар	-
	10-11 кластар	-
6.	Қорғаншылық пен қамқорлықтағы оқушылар саны	5
	1-4 кластар	1
	5-9 кластар	4
	10-11 кластар	-

Оқушылардың құжаттары қайтадан тексеріліп, көпбалалы отбасының балалар саны анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Барлық көпбалалы отбасының 161 бала санын құрайды. Көпбалалы отбасынан шыққан балалар, аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, қамқорлыққа алынған балалардың құжаттары және әлеуметтік педагогтың құжаттар номенклатурасы қайта қаралып реттелді. Ата-аналарға құжаттарды жаңа оқу

жылына сәйкес мерзімінің өзгертілуіне байланысты қайта жинақтау үшін құжаттар тізімі берілді. 1-4 класс оқушылары жаппай тегін тамақтануға көшкендіктен, 5-9 класс оқушылар арасынан тегін тамақтанатын балалар саны да өсті. Қамқорлық кеңестің жиналысы өтіп, балалардың құжаттары тексеріліп, 2022 жылдың 1 наурызынан бастап тегін тамақтанатын балалар тізімі өзгертіліп, бекітілді. 5-9 класс оқушылары 6 күндік тегін тамақтану режиміне көшті.

**Әлеуметтік педагогтың мектеп-гимназияның директоры бекіткен
жылдық жоспарын орындау бойынша
әлеуметтік педагог мынадай жұмыстар жүргізді:**

- Тұрмыстық жағдайы нашар, сабақты көп қалдыратын, далада күн суықта жеңіл киіммен жүрген балалардың үйлеріне класс жетекшілері, тәлімгер және әлеуметтік педагог барып, тұрмыстық жағдайларын тексеріп, ата-аналарымен профилактикалық кеңестер жүргізілді. Профилактикалық тізімге енгізілген 3 оқушы Антонова Виктория, Антонова Алена және Гизатуллина Фатиманың үйлеріне әлеуметтік педагог, класс жетекші, мектеп психологы және мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары барып, акт жасап, профилактикалық кеңес өткізді.

- Қамқорлықтағы балаларға Наурыз мейрамы қарсаңында әкім атынан сыйланған сыйлықты аудандық қамқорлық кеңестің бас маманы мен әлеуметтік педагог апарып табыстады.

- Ағымдағы жылғы 25 сәуірде 9 «а» сыныпта «Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тарту» тақырыбына дәріс өткізілді. Аталған дәрістің мақсаты кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, білім алушылардың құқықтық санасын тәрбиелеу болып табылды. Дәріс барысында кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс проблемасы талқыланды; білім алушыларға қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктің ерекшеліктері түсіндірілді.



- Ағымдағы жылғы 26 сәуірде 9 «б» сыныпта «Темекі мен ішімдіктің зияны» тақырыбына дәріс өткізілді. Жалпы алғанда, дәріс оқушыларға ұнады, темекі шегудің адамзат үшін қауіпті проблемалардың бірі болып табылатыны атап өтілді. Болашақта олардың аталған проблемаға тап болмауына тілектестік білдірдік, және олар мектепте ғана емес, сонымен қатар ауылда да салауатты өмір салтын насихаттауға қатысуға ниет білдірді.



- 26 сәуірде психолог және мектептің медицина қызметкерімен бірлесіп, суицидтің алдын алу, хиджаб кию мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Әңгіме 9-сыныптар арасында өткізілді.



- Ағымдағы жылғы 27 сәуірде психоактивті заттарға тәуелділіктің зияндылығын және олардың салдарын түсінуге көмектесу, оқушылардың санасында денсаулық - ең маңызды әлеуметтік құндылық, ол өмір бойы қалыптасады деген түсінікті бекіту мақсатында «Есірткіге жол жоқ!» тақырыбына дәріс өткізілді. Дәріс 7 «б» сыныпта өткізілді, балалар дәріске белсене қатысты, сұрақтар қойып, оларға жан-жақты жауап берілді.

- Ағымдағы жылғы 04 мамырда 9 «в» сыныпта «Салауатты өмір салтын насихаттау» тақырыбына әңгіме өткізілді. Тәрбиелік әңгіменің мақсаты салауатты өмір салты туралы түсінікті ұлғайту, маңызды құндылық ретінде денсаулыққа жағымды көзқарас, зиянды дағдыларға жағымсыз

көзқарас қалыптастыруға ықпал ету, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу болып табылады.



- Сондай-ақ, 14 мамырда 6 «ә» сыныпта «Салауатты өмір салтын насихаттау» тақырыбына әңгіме өткізілді. Балаларға денсаулықтың – адамзат қоғамының басты құндылығы екені түсіндірілді, «денсаулық және салауатты өмір салты» түсінігі тұжырымдалды, адам денсаулығына әсер ететін жағымды және жағымсыз факторлар туралы айтылды.



Сынып сағаттары мен сабақтарға қатысу тұрақты негізде жүргізіледі. Сабақтар жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Сабақтардың құрылымы мен үлгілері сабақтардың мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Оқушылар мен мұғалімдер сабақтың басталуына дайындалған, мінез-қылық тәртібі сақталған. Сабақ өткізу құрылымы оқушыларға таныс, ол артық сұрақтар мен ұйымдастыру сәтіне уақыт жұмсамауға ықпал етеді. Мұғалім материалды жақсы деңгейде меңгерген. Сабақта жылы шырайлы атмосфера орнаған, оқушылар мен мұғалімнің көңіл-күйлері қуанышқа толы, сергек болды. Сабақта тәртіп сақталды. Жұмыстың түпкілікті нәтижесінде мұғалімнің алдына қойған мақсатына қол жеткізілді.



- Жоспарды орындау үшін барлық сыныптардың оқушылары арасында «Мектепте тамақтану – оқушылардың көзімен» тақырыбына сауалнама жүргізілді. Талдау тамақтану рационалын жетілдіру; салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануға дағдыландыру бойынша әңгіме өткізу жұмыстарын тұрақты негізде жүргізу қажеттілігін көрсетті. Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру, тамақтану мәдениеті туралы көрнекті стендтер рәсімдеу қажет, ұстаздар, ата-аналар және оқушылардың мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру мәселелеріне қызығушылықтарын арттыру мақсатында мониторинг жүргізу және ағарту бағытындағы жұмысты жандандыру қажет.





- Бекітілген Жоспарға сәйкес ағымдағы жылғы 17 мамырда 6 «б» сыныпта «Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбына әңгіме өткізілді. Балаларға аталған проблема туралы материалдар мен бейне-роликтер ұсынылып, буклеттер таратылды. Балалар әңгімеге белсенді түрде қатысып, отбасындағы зорлық-зомбылықтың – біреуінің екіншісіне қысым жасауы немесе оған зиян келтіретін жақын адамдар арасындағы қарым-қатынас түрі екенін атап өтті, және зорлық-зомбылық жасөспірімдер арасында да жасалады.



- Сондай-ақ, 18 мамырда 10 «в» сыныпта «Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбына дәріс өткізілді.



- 20

мамырда 5 «ә» сыныпта «Салауатты өмір салтын насихаттау» тақырыбына әңгіме өткізілді.



- Жоспарға сәйкес тоқсан сайын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен үйде білім алушыларға бару жүргізіледі.



Мерзімді негізде ПБ есебінде тұрған

оқушылармен жұмыс жүргізіледі. Күн сайын әлеуметтік педагог осы балалардың сабаққа қатысуын бақылайды.

Бақылауда тұрған оқушылармен және сынып жетекшілерінің айтуы бойынша тәртіпті жиі бұзатын оқушылармен жеке жұмыс жалғасатын болады.

Келесі оқу жылына жоспарланған:

- жыл бойы нашақорлықтың, суицидтің, салауатты өмір салтының алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу

- ана-аналармен жұмыс жасау

- сауалнама жүргізудің түрлі іс-шаралары бойынша

Әлеуметтік педагогтың жұмысы тұрақты бақылауда.